



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

білмегендіктен, эргоним тиесілі нысанның көрсететін қызметінен бейхабар екендігін айтты. Олар қала ішілік атауларын шет тілінде еш аудармасыз ұсынатын мекеме иелеріне ұсыныс ретінде нысанның көрсететін қызметі туралы ақпарат беретіндей үстеме аударма беруін сұрайтындығын білдірді.

Келесі орыс тілді тұрғындар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша 40 адамның 18-сі эргонимдердің тек шетел тілінде берілуіне қарсылықтарын көрсетті. Қарсылық білдірген адамдардың көпшілігі – 40 жастан асқан Астана қаласының тұрғындары, олардың шетел тілінде еш аудармасыз берілген эргонимдер тиесілі нысандардың көрсететін қызметтері жайлы бейхабар екендігін және өздерін жайсыз сезінетіндігін жеткізді. Ал сауалнамаға қатысқан 40 адамның 17-сі қала ішілік нысандардың шетел тілінде берілуіне бейтарап көзқараста екендігін айтты. Сауалнамаға қатысқан қалған 5 адам шет тілдік эргонимдерді керісінше қолдайтындығын, олардың Қазақстан халқының ағылшын тілін меңгеруіне септігін тигізеді деген ойда екендігін жеткізді.

Ағылшын тілді азаматтар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша барлық адамдардың ойы бір жерден шықты. Олар еш күмәнсіз шет тілді эргонимдердің қала көркін кіргізетіндігін және олар өздерін қолайлы ортада жүргендей сезінетіндігін білдірді. Әрине, олардың неліктен осындай ойда екендігі белгілі, себебі олар ағылшын тілін жетік меңгерген, сондықтан оларға шет тілдік атауларды күнделікті кездестіру еш қолайсыздық, түсініспеушілік туғызбайды.

Республика көлемінде жарнамалар, көрнекі ақпараттар бойынша мемлекеттік тілдің қолданысына байланысты алдағы уақытта шешуін күтіп тұрған мақсат-міндеттер көп. Оның қоғамдағы қолданысы жағынан алсақ, әлі де зерделей түсетін қырлары жетеді.

Түйіндей келе, шет тілдік эргонимдерге үш тілді тұрғындардың көзқарасы үш түрлі. Дегенмен, наразылықтарын білдірушілер саны жоғары, наразылық білдірушілердің айтуы бойынша, қала ішілік атауларының еш аудармасыз шетел тілінде берілуі мемлекеттік тілімізге немқұрайлықпен қарау дегенді білдіреді. Нәтижесінде эргонимдерді аудару мәселесі әлі де зерттеуді талап ететін тың тақырыптардың бірі екендігі айқындалды, себебі алдыңғы қатарлы дамушы мемлекет ретінде біздің аудармашылардың сауатты да, сапалы болуы маңызды рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1988. – 192 с.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Издательская группа «Прогресс» 2000. – 400 с.

ӘОЖ 81'271.1

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Сабырбекова Маржан Серикқызы

s.marjan.s@mail.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Қызырова Ә.М.

Тіл білімінде терминология саласының өте маңызды рөлге ие екендігі сөзсіз. Қоршаған ортаның, жалпы кез келген ғылым саласының дамуына орай дүниежүзі тілдерінің де сөздік қоры, оның ішінде, термин сөздері дами бермек. Қазақ тіл білімінде терминология саласы жүйелі түрде зерттелді деуге болады. Ұлттық терминологияның ғылыми мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы,

С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Қайдаров, С.Исаев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Ал А.А.Реформатский, В.П.Даниленко, И.В.Арнольд, Г.О.Винокур, Д.С.Лотте, Т.Л.Канделаки, А.В.Суперанская, Х.Ейкмейер, Г.Мерчанд, К.Л.Барнхарт, Дж.Лионс, Ф.Нюссел, Ф.Р.Палмердің еңбектерінде терминжасам принциптері белгіленіп, салалық термин жасаудың маңыздылығы айқындалды.

Нысанға алынып отырған дипломатиялық терминдер, басқа салалардағы терминдер секілді синтаксистік, морфологиялық тәсіл, сондай-ақ, калька арқылы жасалады.

Термин жасаудың бір амалы сөз тіркесі арқылы жаңа термин жасау – өнімді тәсілдердің бірі. Сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар бір-бірімен тіркесе келе бүтін жеке атауға айналады.

Синтаксистік (аналитикалық) байланыс – сөз тіркесіндегі сөздердің орын тәртібі, инотация, қосымшаларсыз немесе шылаулар арқылы байланысуы.

Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл дегенде екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен, қосарлануынан жасалған терминдерді атаймыз.

Тіл білімінде «сөз тіркесі» терминінің көптеген анықтамалары бар. Барлық анықтамаларда сөз тіркесі «тіркекен сөз», «сөздерді тіркестіру» мағынасында беріледі. М.Балақаев пен Т.Қордабаев: «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағынасы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі», - дейді [1, б. 27].

В.В.Виноградов сөз тіркесін күрделі атау, сөйлем құраудың құрылыс материалы деп танып, оны сөйлемнен айырып, әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерін айқындай отырып, күрделі есімді және етістікті сөз тіркестерінің жасалу жолдары мен байланысу формалары жай сөз тіркестерінің жасалу жолдарымен сәйкес келеді деп көрсетеді [2, б. 12].

Қазақ дипломатиялық терминдердің 60 пайызы – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалған күрделі терминдер, ал қалған 40 пайызы дара және туынды терминдер. Сөз тіркесі арқылы жасалған терминдер, ең алдымен, ұлттық тіл элементтерінің байырғы сөз тіркесінен тұрады, *кедендік бақылау, қол сұқпаушылық, өкілетті өкіл, ұлт мәселесі, шекараны белгілеу* т.б.

Екіншіден, бір сыңары кірме сөз, екіншісі қазақ сөзі болып келетін тіркесті терминдер: *арнаулы миссия, астам держава, аутентикалық мәтін, әділдік принципі, басқару аппараты, курьер қағазы, сенім грамоталары, ұлттар лигасы* т.б.

Үшіншіден, екі сыңары да шет тілінен енген сөзден тұратын терминдер (терминдік тіркестер). Оларды бір сыңары дыбыстық өзгеріске ұшыраған (*дипломатиялық агент, дипломатиялық курьер, дипломатиялық нота, консулдық вализа, консулдық патент, конфронтация масштабы* т.б.) және таза, сол қалпында енген терминдер (*модус вивенди, модус проседенди, мутатис мутандис, персоне грата* т.б.) деп бөлуге болады.

Терминдік тіркес компонентті жеке тұрғанда терминдік мәнге ие бола алмайды, тек тіркесіп келгенде ғана біртұтас ұғымды білдіріп, терминдік сипатқа ие болады. Мәселен, *адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы, аккламация жолымен қабылдау, саяси жағдай, сыртқы саясат, төтенше және өкілетті елші ретінде аккредитивтенген, халықаралық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі декларация* т.б.

Сөз тіркестерінің құрамын сөз таптары тұрғысынан қарап, сөздердің тіркесу қабілеті мен құрылысын зерттеген М.Балақаев, сөздердің тіркесу барысын тарихи тұрғыдан қарау керек екендігін айтады [3, б. 52].

Сөздердің өзара байланысуы әр алуан синтаксистік және лексикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сөздердің байланысуында түркі тілдерінде изафеттік байланыстың рөлі ерекше.

Изафет (араб. *идафат* – қосу, жалғастыру) – есімдердің ерекше тіркескен тобы. Жалпы тіл білімінде араб изафеті, парсы изафеті, түркі изафеті т.б. ұғымдар бар. Қазақ тіліндегі изафет – зат есімнің немесе зат есім орнына жұмсалатын сөздердің анықтауыштық қатынаста тіркесуі арқылы жасалады [1, б. 38].

Қазақ тіліндегі изафеттің үш түрі де дипломатиялық тіркесті терминдер жасауда қолданылады:

а) жалғаусыз изафет сөз тіркесінің екі сыңары да түбір түрінде айтылады (*бітім шарт* т.б.);

ә) бір сыңары жалғаулы изафет зат есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңары тәуелдік жалғауының үшінші жағында айтылады (*қауіпсіздік кеңесі, қор биржасы, қорғаныс министрі, маслихат хатшысы, мемлекет шекарасы* т.б.);

б) екі сыңары да жалғаулы изафет сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары ілік жалғауында, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында тұрып, матаса байланысады (*аймақтың тұрақтылығы, конвенцияның қазғидаттары, мемлекеттің мүддесі* т.б.).

Дипломатия саласында осы қатынаста жұмсалатын терминдік тіркестерге *баж декларациясы, денонсация тәсілдері, депутат иммунитеті, доллар дипломатиясы, қауіпсіздік ережелері, сауда шарты, тәуелсіздік туы* т.б. жатады. Бұл тіркестерде алғашқы сыңар анықтауыш қызметін атқарады.

Тіркестердегі «*депутаттың иммунитеті*» мен «*депутат иммунитеті*» сияқты екі түрлі формада айтылған анықтауыштардың мағынасы бірдей емес, сондықтан «*денонсация тәсілдері*», «*доллар дипломатиясы*» сияқты жалғаусыз түрде айтылған бірқатар анықтауыштарды «*денонсацияның тәсілдері*», «*доллардың дипломатиясы*» деп жалғаулы етіп айтуға болмайды, себебі терминге ілік септікте тұрған жалғау жалғанса, меншіктік қатынасты білдіреді, ал егер термин жалғаусыз тұрса, заттық сапа ретінде қолданысқа түседі, ал ілік жалғаулы сөзі бар тіркестерде сапалық қатынас болмайды, мұнда меншіктік қатынас (поссесивность) көрініс береді.

Изафеттік құрылыстың ілік септігінің жалғауымен немесе жалғауынсыз келетін екі түрінің айырмашылығын көру үшін «мемлекет мүлкі» мен «мемлекеттің мүлкі» тәрізді екі тіркестен тұратын изафеттік құрылыстағы тіркесті құрастырайық: «мемлекеттің қазына мүлкі». «Қазына» терминінің тіркесті компоненті – «мүлкі», «мемлекеттің» деген сөздің тіркесті компоненті тек «мүлкі» емес, «қазына мүлкі», өйткені тіркесетін сөздер мағыналық және синтаксистік берік байланыста, мәселе жалпы мүлік жайында емес, қазына мүлкі жайында. Ілік септіктің жалғаулы немесе жалғаусыз болуы жалғанатын сөзінің айтушыға, тыңдаушыға белгілі не белгісіз болуымен байланысты емес, меншіктілік қатынасты ерекше білдіру, білдірмеуімен байланысты: егер заттың қай затқа немесе кімге қатысты екенін әдейілеп, арнап көрсету керек болса, ілік септігіндегі сөз жалғаулы болады, ал мұндай құрамдағы сөздердің бірі екіншісіне заттық сапа ретінде жұмсалса, ол жалғаусыз болады [1, б. 39].

Дипломатиялық терминдерге жалпы сөзжасам парадигмалары, полисемия, синонимия мен антонимия, семантикалық дамудың барлық түрлері (мағынаның кеңеюі мен тарылуы, бүтіннен жартыға өту) және логикалық, синтаксистік тіркестер (тұрақты, еркін, түйдекті т.б.) түрлері тән.

Терминдік тіркестің мағыналық құрылымында ұғымды беретін термин айналасына толып жатқан терминдік тіркестер жиналады, олар негізгі сөзбен қарым-қатынас орнатады, гипергипонимиялық байланыс жасайды. Мәселен, «меншік» дипломатиялық термині – меншік ұғымының гиперонимі, ол меншік құқығы мағынасында да, мүлік мағынасында да қолданылады.

Ағылшын тілінде «*property*» (*меншік*) ұғымын білдіретін атаулардың терминдік мағынасы бастапқы мағынадан ұғымның пайда болуындағы иерархияны сақтай отырып тарайды. Меншіктің бастапқы, негізгі формасы – қауымдық. Даму барысында одан меншіктің жеке және қоғамдық формалары бөлінеді. Жеке меншіктен жеке және дербес меншік ұғымдары, қоғамдық меншіктен көпшілікке ортақ қоғамдық, ұжымдық ұғымдар тарайды. Қоғамдық меншік мемлекеттік меншік түрінде, яғни жалпыхалықтық меншік негізінде, қауымдық меншік жабық және ашық акционерлік меншік түрінде қосымша мағынаға ие болады. Экономикалық қатынастардан меншіктің жаңа түрі – халықаралық меншік түрі туындады.

«Меншік» терминінің лексика-семантикалық варианттары және терминдік тіркестер:
«Property» (меншік) терминінің лексика-семантикалық варианттары

<i>Property</i> (меншік)	<i>Social property</i> (қоғамдық меншік)	<i>Collective property</i> (ұжымдық меншік)
<i>Communal property</i> (қауым меншігі)	<i>Public property</i> (қоғамдық ортақ меншік)	<i>Cooperative property</i> (кооперативтік меншік)
<i>Individual property</i> (дара меншік)	<i>Government property</i> (мемлекеттік меншік)	<i>Corporate property</i> (акционерлік меншік)
<i>Personal property</i> (дербес меншік)	<i>Municipal property</i> (муниципальдық меншік)	<i>International property</i> (халықаралық меншік)
<i>Private property</i> (жеке меншік)	<i>All-people property</i> (жалпыхалықтық меншік)	

Терминдік тіркес терминнің лексикалық мағынасымен, көпмағыналы сөздің тіркесімдік ерекшеліктерімен бірге қарастырылады. Полисемантикалық сөздердің тіркесімдік қасиеті әр лексика-семантикалық вариантта әртүрлі болып келеді, оның әрбір мағынасы белгілі тіркес жиынтығымен сипатталады. Мысалы, «statement» 1. Мәлімдеу, бекіту; 2. Түсінік беру (кұқықта); 3. Тұжырымдау; 4. Есеп, баланс, смета. Көрсетілген мағыналарды білдіруде «statement» термині белгілі тіркестермен қолданылады:

«мәлімдеу», «бекіту» мағынасында:

A foreign statement (сыртқы саясат жөніндегі мәлімдеме);

An official statement (ресми мәлімдеме);

Confirmation of a statement (мәлімдемені растау);

Statement by the President (президент мәлімдемесі);

To doubt the veracity of a statement (мәлімдеменің дұрыстығына шүбә келтіру);

To make a statement for the press (басылым арқылы мәлімдеме жасау) т.б.;

«түсінік беру» мағынасында: plaintiff's statement of claim (талап ететін мәлімдеме) т.б.;

«тұжырымдау» мағынасында: clear statement (анық тұжырымдап беру) т.б.;

«есеп», «баланс» мағынасында: financial statement (финанс мектебі); statement analysis (баланс талдауы); statement of changes (шығын есебі) т.б.

Терминдік тіркес күрделі бірлікке жататындықтан, терминдік тіркес компоненттеріне дара сөзге тән түрлендіру, компоненттің болмауы немесе олардың орын айырбастауы сияқты құбылыстар жат емес.

Ағылшын тіліндегі терминдік тіркес компоненттері:

Префиксті: discharge of consular functions (консулдық міндетті орындау) = charge d'affaires (сенімді өкіл) т.б.;

Жұрнақты: force activity (қарулы күштердің қызметі) = forced march (әскери форсирлі марш) = abstainer = abstaining – қалыс қалған (дауыс беруде) т.б. болып екі түрге бөлінеді.

Префикс dis- арқылы жасалған ағылшын дипломатиялық терминдеріне disagreement (келіспеу), disarmament (қарусыздану), disavowal (дезауирлау), discord (келіспеушілік), discrimination (кемсіту), disequilibrium (тепе-теңдіктің бұзылуы), disfranchisement (азаматтығынан айыру), disengagement (бостандық) т.б. жатады [4, б. 148].

Префикс un- көмегімен жасалған ағылшын дипломатиялық терминдері: uncommitted (қосылмаған), unfounded (негізсіз), unfriendly (ынтымақсыз), unlawful (заңға қайшы), unlegalized (заңсыз), unlimited (шексіз), unmaintainable (негізсіз) unreliable (сенімсіз), unsolved (шешілмеген), unstable (тұрақсыз) т.б. [4].

Тіркестегі сөздердің қосымшалар арқылы байланысуы синтетикалық байланыс, қосымшаларсыз, орын тәртібі арқылы байланысуы аналитикалық байланыс деп аталады.

Әртүрлі мағынада жұмсалатын сын есім кез келген зат есіммен тіркесе бермейді, өйткені сын есімнің зат есіммен тіркесу қабілеті бірдей емес. Мысалы, «бейбіт», «достық» сын есімдері абстрактілі ұғымды білдіретін зат есімдермен тіркесе келе, құбылыстың сынын білдіреді, оларды «бейбіт өмір», «достық қарым-қатынас» сияқты тіркеспен беруге болады,

ал оларды «бейбіт адам», «достық кісі» тәрізді құрамда айту ерсі. Оның себебі: әрбір сын есімнің білдіретін мағынасы белгілі бір заттың немесе құбылыстың заттық ерекшелігімен үйлесімді, сын есім сол затқа, құбылысқа тән сапалық қатынасты білдіреді. Мысалы, ағылшын тілінде diplomatic relations (дипломатиялық қатынастар), peaceful coexistence (бейбіт қатар өмір сүру) тәрізді тіркестерді diplomatic life, peaceful map сияқты құрамда айтуға болмайды, бірақ diplomatic agent (дипломатиялық агент), peaceful purposes (бейбіт мақсаттар) т.б. тіркестерде айтуға болады [5, б. 26].

Қорыта келе, қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатия саласы терминдерінің қалыптасуы өте күрделі үдеріс екенін байқауға болады. Сөз тіркестерінің, оның үстіне, нақтылықты, дәлдікті қажет ететін дипломатия саласындағы сөздердің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы әрдайым тілтанушылардың назарында және үлкен еңбекті талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев.М.: Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). – Алматы: Мектеп, 1971. – 339 б.
2. Виноградов В.В. Грамматика русского языка. Т. 2. Синтаксис. Часть I. – Москва, 1960. – 702 с.
3. Балақаев М. Структурные особенности словосочетания в тюркских языках. – Алматы, 1961. – 169 с.
4. Сарыбай К.Ш. Орысша-қазақша-ағылшынша дипломатиялық сөздік. – Астана, 2013. – 575 б.
5. Ақын Б.Қ., Сейтахметова Н.Л. Түрікше-ағылшынша-қазақша саяси терминдер сөздігі. – Алматы, 2011. – 94 б.

ӘОЖ 81'253

АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУ ҮДЕРІСІ (АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН «МАДАГАСКАР» МУЛЬТФИЛЬМІ НЕГІЗІНДЕ)

Садуакасова Аида Бериковна

aida_9464@list.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Киманова Л.Б.

Мақалада анимациялық фильм аудару үдерісі мен аударма түрлері қарастырылған. Қазіргі кезде тек кинофильмдер емес, сонымен қатар мультфильмдер жылдам дамып, әйгілі өнер саласына айналды. Осыған орай, фильм аудармасы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі бұл – әлеуметтің талабы. Мақала құрылымы келесідей: кіріспеде «кино мәтіні», «кино тілі» ұғымдары қарастырылады, негізгі бөлімде «Мадагаскар» анимациялық фильмінің аудармасының анализі жасалады. Жұмыс баспа арқылы 6 бетке, 1 кестенің қолданылуы арқылы жасалды.

Қазіргі таңда халық арасында мультипликациялық фильмдерге деген қызуғышылық күннен күнге артуда. Оны тек балалар емес, сонымен қатар ересектер қауымы да құлшынып көретінін назарға алған жөн. Мультипликация киноиндустриясындағы ең қызықты әрі көрермендер саны көп жанрлардың бірі болып есептеледі. Алдымен «мультипликациялық фильм» ұғымын және оның құрылымын қарастырған жөн. Мультипликация – кино шығармашылығының жинақтамалы түрі, ол кәдімгі фильм секілді нешәтүрлі өнер саласын қамтиды. Мультипликациялық фильмді кейде анимация деп те атайды. Латын тілінен аударғанда «multiplicatio» - көбею, өсу немесе кеңею деп аударылады, бұл мультфильм жасау технологиясын толықтай сипаттайды. Себебі графикалық мультфильмді жасамас бұрын, яғни кадрлы түсірілім жасамас алдын, бір кейіпкердің көптеген қимылды суреттерін салу